

Теңіз кемелерінің басшылық құрамындағы адамдардың атақтары туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 28 ақпан N 233 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.22. N 936 қаулысымен. ~P020936

Саудалық теңізде жүзу үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Теңіз кемелерінің басшылық құрамындағы адамдардың атақтары туралы қоса берілген Ереже бекітілсін және ол осы қаулы шыққан сәттен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 28 ақпандағы
N 233 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Теңіз кемелерінің басшы құрамындағы
адамдардың атақтары туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. КСР Одағының Саудалық теңізде жүзу Кодексіне сәйкес теңіз кемелерінің басшылық құрамындағы адамдарға мынадай атақтар белгіленеді:

кеме жүргізушілерге:

- алыс сапарға жүзу капитаны
- жақын сапарға жүзу капитаны
- алыс сапарға жүзу штурманы
- жақын сапарға жүзу штурманы

кеме механиктеріне:

- бірінші разрядты кеме механигі
- екінші разрядты кеме механигі
- үшінші разрядты кеме механигі
- кеме электр механиктеріне:
- бірінші разрядты кеме электр механигі
- екінші разрядты кеме электр механигі
- үшінші разрядты кеме электр механигі
- кеме радиомамандарына:
- бірінші сыныпты кеме радиооператоры
- екінші сыныпты кеме радиооператоры
- кеме радиотелеграфшысы
- кеме оператор-радиотелефоншысы

2. Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерінде көзделген жағдайларда шетел азаматтарына егер олардың жасы 18-ден кем болмаса, тиісті теңіз білімі болса (капитандар, штурмандар, кеме механиктері мен кеме электр механиктері үшін жоғары және орта арнаулы білім) және осы Ережеде көзделген талаптарды орындаса, теңіз кемелері басшылық құрамындағы адамдарға арналған атақтарды арнаулы біліктілік комиссиялары береді.

Атақтар беру арнаулы біліктілік комиссияларында сынақтан өткеннен кейін диплом немесе мамандығы туралы куәліктер тапсыру арқылы куәлендіріледі.

Жағалау маңында, ішкі суларда, қорғалатын сулардың шеңберінде немесе оған тікелей жақын аралықтарда немесе кемежай ережелері қолданылатын аудандарда жүзетін теңіз кемелерінің басшылық құрамындағы адамдардың атақтарын, сондай-ақ осы Ереженің 1 тармағында ескерілмеген басшылық құрамдағы адамдардың және басшылық құрамға қатысы болмайтын кеме экипажындағы адамдардың атақтарын, осы атақтардың сыныптарын және соған байланысты құқықтарды мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі белгілейді.

Әскери-теңіз білімі бар адамдарға атақтары осы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және басқа мүдделі министрліктерімен, ведомстволармен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі белгілеген тәртіппен беріледі.

3. Теңіз кемесінің капитандары, капитанның көмекшілері, механиктері, электр механиктері мен радиомамандары лауазымына орналасуға денсаулық жағдайы жарамды деп танылған басшы құрамдағы адамдардың атақтары берілген, дипломдары (мамандықтық куәліктері) расталған азаматтар жіберіледі.

Дипломдарды, мамандық куәліктері мен дипломдардың айғақтарын (мамандық куәліктерді) саудалық теңіз бен балық теңіз кемежайларының капитандары береді.

4. Айрықша жағдайларда дипломы бар адамға сол дипломда көрсетілген мамандығынан бір саты жоғары қызметке жеңілдікпен орналасуына рұқсат берілуі мүмкін.

Егер дипломы жоқ адам болса, оған дипломды талап ететін ең төменгі қызметке жеңілдікті рұқсат берілуі мүмкін.

Жеңілдікті рұқсат мамандардың теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті біліктілігі мен тәжірибесі бар жағдайда 6 айдан аспайтын уақытқа беріледі.

Капитан немесе аға механиктің лауазымын атқаруға жеңілдікті рұқсат жеңістік бермейтіндей оқиғалар туа қалған жағдайда ғана, әрі мүмкіндігінше өте қысқа мерзімге беріледі.

5. Арнайы біліктік комиссияларын құру, сынақтан өткізу, дипломдар беру, мамандық куәліктері мен дипломдардың (мамандық куәліктерінің) айғақтарын беру, сондай-ақ осы ережеде қарастырылған талаптарды орындау тәртібін мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі белгілейді.

6. Осы Ереже қабылданған уақытқа дейін теңіз кемелерінің басшылық құрамының атақтары берілген адамдар осы Ережеде көзделген негізде тиісті атақтар алған адамдармен бірдей құқықтарды пайдаланады.

7. Адамдарды басшылық құрамның атақтарынан айыруға қарамағына теңіз мекемелері кіретін министрліктер мен ведомстволардың флот қызметкерлерінің тәртібі туралы жарғыларында көрсетілген тәртіп бойынша еңбек тәртібі бұзылған, жүзу қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларда ғана жол беріледі.

II. Кеме жүргізушілердің атақтары

8. Кеме жүргізушілерге атақтар беру үшін мынадай талаптар қойылады:

а) жақын сапарға жүзу штурманы - оқу орындарының оқу жоспарларына сай өздігінен жүретін кемелерде кемінде 15 ай бойы палуба командасының құрамында жүзуге және соның ішінде дипломы бар капитан көмекшісінің басшылығымен кемінде 6 ай бойы кемеңіздің басқарым тұғырында вахта атқаруға тиіс;

б) жақын сапарға жүзу капитаны - жалпы сыйымдылығы 200 рег. тонна және одан да асатын өздігінен жүретін кемелерде 24 ай бойы капитанның вахталық көмекшісі міндетін орындауға, соның ішінде жақын сапарға жүзу кезінде капитанның аға көмекшісі қызметінде 12 айдан кем болмауға тиіс;

в) алыс сапарға жүзу штурманы атағы;

жақын сапарға жүзу штурманына - жалпы сыйымдылығы 200 рег. тонна және одан да асатын өздігінен жүретін кемелерде 12 ай бойы капитанның вахталық көмекшісі міндетін орындаған, соның ішінде алыс сапарға жүзу кезінде капитанның екінші көмекшісінен кем емес қызметте 6 айдан кем болмаған жағдайда ;

жақын сапарға жүзу капитанына - жалпы сыйымдылығы 200 рег. тонна және одан да асатын өздігінен жүретін кемелерде кемінде 6 ай бойы алыс сапарда капитанның екінші көмекшісі қызметінде болған жағдайда;

г) алыс сапарға жүзу капитаны атағы - жалпы сыйымдылығы 1600 рег. тонна және одан да асатын өздігінен жүретін; жалпы сыйымдылығы 600 рег. тонна және одан да асатын балық өнеркәсібі флотының аулау кемесінде, ғылыми-зерттеу, ғылыми-іздігіру, инспекциялық, күзет және оқу кемелерінде; бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 750 кВт және оданда жоғары мұзжарғыштарда, теңіз бұрғылау қондырғыларымен жабдықтау, буксир және құтқару кемелерінде 18 ай капитанның аға көмекшісі қызметінде болған жағдайда беріледі .

9. Осы Ережедегі жақын сапарға жүзу деп:

а) Ақ теңізде сонымен қатар Баренц теңізі суларында - шығысқа қарай - Меншиков мүйісі мен Болван тұмсығын жалғайтын сызыққа дейін; батысқа-Нордкап мүйісі меридианына дейін; солтүстікте - 71 параллельге дейін;

б) Карск, Лаптев, Шығыс-Сібір, Чукот теңіздерінде - жүзуге шығу пунктінен бір бағытта 400 теңіз милінен кем ең қысқа жол бойынша;

в) Шығанақтарымен бірге Балтық теңізінде, Бельтада, Зундеде, Каттегатта және Скагерракта Скаген-Линнеснес сызығына дейін және Кил каналы арқылы - Брюсбютелл шыға берісіне дейін;

г) Азов теңізінде, сондай-ақ Қара теңізде Стамбулға дейін;

д) Каспий теңізінде ;

е) Жапон теңізін Татар бұғазы арқылы Охот теңізіне Елизавета мүйісіндегі параллельге дейін шығу ;

ж) Беринг, Охот теңіздерінде және Тынық мұхитта - Жапон теңізінің порттарын қоса есептегенде, сапарға шығу пунктінен бір бағытта 700 теңіз милінен кем қысқа жол бойынша; сондай-ақ жағалаудан Тынық мұхитқа 400 теңіз мильге бойлайтын қашықтыққа дейін жүзулер түсініледі.

Осы аталған тармақта көрсетілген теңіз жүзулеріндегі шеңберден шығатын қандай болсын жүзу алыс сапарға жүзу болып табылады.

10. Қазақстан Республикасының жағалауларын бойлап сапарға шығу пунктінен бір бағытта 250 теңіз милінен кем қысқа жол бойынша жағадан 50 теңіз миліне қашықтайтын жүзулер жағалаулардағы жүзу болып саналады.

11. Кеме жүргізуші атағы берілген адамдарға:

а) жақын сапарға жүру штурманына:

жағалауларда, жақын және алыс сапарға жүзетін қандай болсын кемелерде капитанның екінші көмекшісінің қызметін қоса оған дейінгі қызметті атқаруға;

капитанның вахталық көмекшісі міндетін орындап кемінде 12 ай бойы жүзген стажы расталған болса, соның ішінде кемінде 6 ай бойы капитанның екінші көмекшісі қызметінде болса, онда жағалауларда және жақын сапарға жүзетін жолаушы кемелерінің жалпы сыйымдылығы 5000 рег.тоннадан кем және жалпы сыйымдылығы 3500 рег.тоннадан кем жолаушы кемелерінде капитанның екінші көмекшісі қызметін қоса оған дейінгі қызметті атқаруға;

б) жақын сапарға жүзу капитанына:

жағалауларда және жақын сапарға жүзетін кез келген жолаушылар тасымайтын кемелерде және жалпы сыйымдылығы 3500 рег.тоннадан кем жолаушы кемелерінде капитан қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

жағалауларда және жақын сапарға жүзетін кез келген жолаушы кемелерінде капитанның аға көмекшісі қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

алыс сапарға жүзде кез келген кемелерде капитанның екінші көмекшісі қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

в) алыс сапарға жүзу штурманына - жағалауларда, алыс және жақын сапарға жүзетін кез келген кемелерде капитанның аға көмекшісі қызметін қоса оған дейінгі қызметті атқаруға; жақын сапарға жүзетін капитанның дипломын алған кейін алыс сапарға жүзетін штурманның дипломын алған адамдарға жақын сапарға жүзетін капитанның құқықтары сақталады;

г) алыс сапарға жүзетін капитанға - жағалауларда, жақын және алыс сапарға жүзетін кез келген кемелерде капитан қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға рұқсат беріледі.

III. Кеме механиктерінің атақтары

12. Кеме механиктері лауазымдарын беру үшін мынадай талаптар қойылады:

а) үшінші разрядты кеме механигі атағына - кеме механизмдерін күту міндеттерін атқара отырып, 8 ай бойы механикалық қозғалтқыштары бар кемелерде жүзу, аталған жүзу мерзімінен басқа оқу орындарының оқу жоспарларына сәйкес өндірістік тәжірибеден немесе кеме жөндеу жұмыстарында кемінде 12 ай тәжірибеден өтуге тиіс;

б) екінші разрядты кеме механигі атағына - бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 300 кВт және одан да жоғары болатын кемелерде 24 ай бойы үшінші разрядты кеме механигі дипломымен кемеің үшінші механигінен төмен емес қызмет атқаруға немесе бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 750 кВт,

және одан да жоғары кемелерде 12 ай бойы үшінші разрядты кеме механигі дипломымен кемеңің төртінші механигінің қызметін және бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 300 кВт және одан да жоғары кемелерде 12 ай бойы үшінші механигі қызметін атқаруға тиіс;

в) бірінші разрядты кеме механигі атағына - бас қозғалтқышының жалпы тиімділік қуаты 750 кВт және одан да жоғары кемелерде 24 ай бойы екінші разрядты кеме механигі дипломымен аға механик қызметін атқаруға немесе бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 3000 кВт және одан да жоғары кемелерде екінші механик қызметін атқаруға тиіс.

13. Кеме механигі атағы берілген адамдарға:

а) үшінші разрядты кеме механигіне:

бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 750 кВт-тан кем кемелерде аға механик қызметін қоса оған дейінгі қызметті атқаруға;

жүзу стажы 12 айдан кем еместігі айғақталып, вахта механигі қызметін атқарса, оның ішінде бас қозғалтқышының қуаты 750 кВт және одан да жоғары кемелерде 8 айға дейін үшінші механик қызметінде болса, онда ол бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 3000 кВт-ға дейінгі кемелерде екінші механик қызметін;

үшінші механик қызметін қоса оған дейінгі қызметті барлық кемелерде атқаруға рұқсат етіледі;

б) екінші разрядты кеме механигіне:

бас қозғалтқышының жалпы тиімді қуаты 750 кВт және одан да

жоғары болатын кемелердегі жүзу стажы 12 айдан кем еместігі айғақталып, екінші механик қызметін атқарған жағдайда, бас қозғалтқышының тиімді қуаты 3000 кВт-қа дейінгі кемелерде аға механик қызметін;

екінші механик қызметін қоса оған дейінгі қызметті кемелердің барлық түрлерінде атқаруға рұқсат етіледі;

в) бірінші разрядты кеме механигіне - өз мамандығына сәйкес кемелердің барлық түрлерінде кез келген қызметті атқаруға рұқсат етіледі.

14. Мамандықтары бойынша кеме механиктері:

бумен істелетін қондырғылардың кеме механиктері;

іштен жану қозғалтқыштарының кеме механиктері;

атом қондырғыларының кеме механиктері;

әмбебап кеме механиктері болып бөлінеді.

Кеме механиктері кемелердегі қызметтерді атқаруға өздерінің алған мамандықтарына сәйкес жіберіледі.

IV. Кеме электр механиктерінің атақтары

15. Кеме электр механиктері атақтарын беру үшін мынадай талаптар қойылады:

а) үшінші разрядты кеме электр механигі атағын алу үшін кемеңіз электр жабдықтарын күту міндеттерін атқара жүріп 8 ай бойы кемелерде жүзуге оған қоса осы аталған жүзу мерзімінен кемінде 12 ай оқу орындарының оқу жоспарларына сәйкес өндірістік тәжірибеден және 12 ай кеме жөндеу жұмыстарынан өтуге;

б) екінші разрядты кеме электр механигі атағын алу үшін - қуаты 600 кВт және одан да жоғары электр жабдықтары бар кемелерде 24 ай бойы үшінші разрядты кеме электр механигі дипломымен электр механигі қызметін атқаруға;

в) бірінші разрядты кеме электр механигі атағын алу үшін - қуаты 1500 кВт және одан да жоғары электр жабдықтары бар кемелерде 24 ай бойы екінші разрядты кеме электр механигі дипломымен электр механик қызметін атқаруға тиіс.

16. Кеме электр механигі атағы берілген адамдарға төмендегідей қызметтерді:

а) үшінші разрядты электр механигіне:

есу қозғалтқыштарының жалпы қуаты 3000 кВт-тан кем болатын кемелерде екінші электр механигі қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

кез келген кемелерде үшінші электр механигі қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

есу электр қозғалтқыштары жоқ, электр қондырғыларының қуаты 3500 кВт-тан кем кемелерде екінші электр механик қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

есу қозғалтқыштары жоқ, электр қондырғыларының қуаты 2000 кВт-тан кем кемелерде электр механигі қызметін атқаруға;

б) екінші разрядты кеме электр механигіне:

есу қозғалтқыштарының жалпы қуаты 3000 кВт-тан кем кемелерде екінші электр механигі қызметін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

есу электр қозғалтқыштары жоқ, электр қондырғыларының қуаты 3500 кВт-тан кем кемелерде электр механигі немесе аға электр механигі қызметтерін қоса оған дейінгі қызметтерді атқаруға;

кез келген кемеді екінші электр механик қызметін қоса оған

дейінгі қызметтерді атқаруға;

в) бірінші разрядты кеме электр механигіне - өз мамандығына сәйкес кемелердің барлық түрлерінде кез келген қызметті атқаруға рұқсат беріледі.

Ескерту. Ереженің бұл бөлімінде балық өнеркәсібі флотының кемелеріндегі электр жабдықтары қуатына балық аулау, өңдеу мен басқа да су кәсібі объектілерін қамтамасыз ететін электр қондырғыларының қуаты қосылмайды.

V. Кеме радиомамандарының атақтары

17. Кеме радиомамандарына атақтар беру үшін мынадай талаптар қойылады:

а) кеме операторы-радиотелефоншысы атағын алу үшін - оқу жоспарына сай тәжірибе сабақтарын орындауға;

б) кеме радиотелеграфшысы атағын алу үшін - оқу тәжірибесін қоса 6 ай бойы кемелерде өз мамандығына сай жұмыс атқара жүріп жүзуге;

в) екінші разрядты кеме радиооператоры атағын алу үшін: жоғарғы немесе орта арнаулы теңіз білімі бар адамдар - оқу тәжірибесін қоса 6 ай бойы кемелерде өз мамандығына сай жұмыс атқара жүріп жүзуге; теңізде жүзу мектептерін немесе арнаулы курсты бітірген адамдар - кеме радиотелеграфшысы дипломымен 12 ай бойы кемелерде радиоаман қызметін атқара жүріп жүзуге тиіс;

г) бірінші класты кеме радиооператоры атағын алу үшін: жоғарғы теңіз білімі бар адамдар екінші сыныпты кеме радиооператоры дипломымен 12 ай бойы кемелерде кеме радиоаманы қызметін атқара жүріп жүзуге;

орта арнаулы теңіз білімі бар адамдар екінші сыныпты кеме радиооператоры дипломымен 12 ай бойы кемелерде кеме радиоаманы қызметін атқара жүріп жүзуге;

орта арнаулы теңіз білімі бар адамдар екінші сыныпты кеме радиооператоры дипломымен 18 ай бойы кемеде кеме радиоаманы қызметін атқара жүріп жүзуге;

теңізде жүзу мектебін немесе арнаулы курстарды бітірген адамдар екінші сыныпты кеме радиооператоры дипломымен 24 ай бойы кемеде кеме маманы қызметін атқарып жүріп жүзуге тиіс.

18. Кеме радиомамандары атағы берілген адамдарға:

а) кеме операторы радиотелефоншысына - радиотелефон қондырғысымен жабдықталған кемелерде оператор-радиотелефоншы қызметін атқаруға;

б) кеме радиотелеграфшысына - жағалауда, жақын және топтасып алыс сапарларға жүзу кемелерінде радиооператор қызметін атқаруға;

в) екінші сыныпты кеме радиооператорына:
кемелердің барлық түрінде радиооператор қызметін атқаруға;
жолаушылар тасымалдайтын жалпы сыйымдылығы 5000 рег.тоннадан кем кемелерде немесе 250-ге дейін жолаушылар тасымалдайтын жолаушылар кемелерінде радиостанция бастығы қызметін атқаруға;

г) бірінші сыныпты кеме радиооператорына - өз мамандығына сай кемелердің барлық түрінде кез келген қызметті атқаруға рұқсат етіледі.